



plans.label.author: Алибекова Лайла Рысбаевна

plans.label.category: Жаратылыстану

plans.label.class: 4-сынып

plans.label.section: Табиғат физикасы

plans.label.theme: Пайдалы қазба деген не?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас,саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласынанықтау 4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету 4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Табиғат ресурстарының түрі мен көздерін анықтай алады, шығу тегі бойынша жіктей алады. Топырақтың құрамы мен қасиетін атай алады. Оқушылардың басым бөлігі: Оқушылар Қазақстанда қандайпайдалы қазбалар өндірілетінін біледі, олардың кен орындарын шартты белгілерін қолданып, картадан көрсетеді. Кейбір оқушылар: Ақпарат көзін және жеке өмірлік тәжірибесін қолданып, пайдалы қазбалардың тұрмыста, шаруашылықта қолданысы туралы зерттеу жүргізеді.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар: -көмірдің (мұнайдың, саздың, граниттің) тұрмыста, шаруашылықта қолданысын атайды; -Қазақстанның негізгі кен орындары туралы әңгімелейді. Терминология: Табиғат ресурстары, пайдалы қазбалар, кен орны, бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, кен, шахта, карьер, бұрғылау, ашық әдіс, жабық әдіс. Сөз тіркестері: Талқылау сұрақтары: - Табиғи қазбалар деген не? - Қазақстанда қандай негізгі пайдалы қазбалар өндіріледі? - Әктасты қайда қолданады? - Мұнайдан не алынады? - Көмірді қайда пайдаланады?
Күтілетін нәтиже:	-көмірдің (мұнайдың, саздың, граниттің) тұрмыста, шаруашылықта қолданысын атайды; - Қазақстанның негізгі кен орындары туралы әңгімелейді.
Бағалау критерийлері:	орындаған тапсырмаларға сай бағаланып отырылады
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек.
Бастапқы білім:	Оқушылар «табиғат ресурстары» ұғымын түсінеді. Табиғат ресурстарының түрі мен көздерін анықтай алады, шығу тегі бойынша жіктей алады. Топырақтың құрамы мен қасиетін атай алады.

plans.stages

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың басы	Сергіту жаттығуы «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б. Жаңа топ құру Топтарға бөлу. Асық арқылы бөлу Сыныптағы бала санына қарай 3 түрлі асық шашылады, әр оқушы өзіне ұнаған түсті алады түстер бір-бірін тауып, бір топ құрайды 1-топ: «Алтын асықтар» 2-топ: «Күміс асықтар» 3-топ: «Қола асықтар» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты,дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке,жұпта,топта, ұжымда) Жедел жауап • Табиғат ресурстары деген не? • Табиғат ресурстарын не үшін пайдаланады? • Табиғат ресурстарын қайдан алады?	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың ортасы	<p>Қайдан алынады? "Пайдалы " дегенді қалай түсінесіздер? Суреттер көрсетіледі. Суреттегі денелердің қайсысы пайдалы? Мұндай ресурстарды не деп атайды</p> <p>Дескрипторы: Ақпарат көзін және жеке өмірлік тәжірибесін қолданып, пайдалы қазбалардың тұрмыста, шаруашылықта қолданысы туралы зерттеу жүргізеді.</p>	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Белсенді оқу тапсырма лары.
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Пайдалы қазбаларды түрлі әдіспен өндіреді. Жер бетіне жақын жатқан кенді экскаватормен қазып алады. Оны ашық әдіс деп атайды. Қазылған жерлерде үлкен ойыстар – карьерлер түзіледі. Карьердегі қазылған кенді экскаватормен мәшинелерге тиеп, өңдейтін орынға жеткізеді. Терең жер қойнауында жатқан кенді қазып алу үшін шахта жасалады. Бұл жабық әдіс деп аталады. Шахтадан өндірілген кен арнайы вагонмен жер бетіне шығарылады. Ал мұнай жер қыртысында қоймалжың күйде кездеседі. Оны бұрғылау әдісімен алады. Ол үшін мұнай шоғырланған жерді үлкен бұрғымен тесіп, сорғымен тартады.</p>	Түрлі түсті суреттері бар журналдар, флипчарт, желім
Рефлексия	Рефлексия «Жұлдыздар шеруі» әдісі.	Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс«Жұлдыздар шеруі» әдісі тапсырмалары арқылы білдіре алады.